



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 18 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы

2015 жылғы 20 наурыз

Алматы қ.

2015 жылғы 18 наурызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) кезекті отырысы болды.

Отырысқа «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тың, «Даму» КДҚ» АҚ-тың, «Бәйтерек девелопмент» АҚ-тың, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың, «Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ-тың басшылары қатысты.

«Даму» КДҚ» АҚ-тың ақпараты бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі¹ ШОБ субъектілерінің жобаларын қаржыландыру үшін бөлінген қаражатты қайталама игеру 2015 жылғы 16 наурыздағы жағдай бойынша 4 млрд. 422 млн. теңгені құрайды.

«Даму» КДҚ» АҚ-тың деректері бойынша, өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды² қаржыландыру үшін бөлінген 50 млрд. теңгеден іс жүзінде

¹ «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 354 қаулысы

² «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1276 қаулысы

банктер 20,6 млрд. теңге сомасына 93 жобаны немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінен 41% қаржыландырды.

Оның ішінде 56 инвестициялық жоба 13,5 млрд. теңге сомасына немесе іс жүзінде игерілген соманың 65%-ы қаржыландырылды.

Айналым қаражатын толықтыру мақсатында 37 жоба 7,1 млрд. теңге сомасына немесе іс жүзінде игерілген соманың 35%-ы қаржыландырылды.

2015 жылы өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды³ қаржыландыру үшін бөлінген 100 млрд. теңгені игеру үшін «Даму» КДҚ» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ және қатысушы банктер үшін Ұлттық Банктегі жеке арнайы шоттар ашылды.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың деректері бойынша, 3,4 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 7%-на 1 жобаны («Алтел» АҚ) нақты қаржыландырды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің кейіннен жалға беру үшін тұрғын үй құрылысына және сатып алуға 115 млрд. теңге (2015 жылы 92,5 млрд. теңге, 2016 жылы 22,5 млрд. теңге) бөлу туралы 2014 жылғы 14 қарашадағы 01-7.16 шешімін іске асыру шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі арнайы шотына 92,5 млрд. теңге есептелді.

Толығырақ ақпаратты +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497 телефондары, e-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz. бойынша алуға болады

³ «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі 2015 жылға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 124 қаулысы